МӘҢГІЛІК ЕЛ - ҰЛЫ МҰРАТЫМЫЗ!

# Ақсу өңірі

*Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет*

*Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады*

●№16 (10 219) ●26 сәуір ● жұма ●2024 жыл ●aksuoniri@mail.ru

## ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ













## *Жетінші мүшеліңізбен ауданның асыл әжесі!*

***Құрметті Ажар Сәрсембайқызы!***



Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесіне жеткізді. Бүгін Сіз мерейлі 85 жасқа келіп отырсыз.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Ақсудың қайсар қыздарының көшін бастап, өңір дамуына елеулі үлес қостыңыз. Оны сырт көз өздерінше бағалап жатады. Өнегелі өмір соқпағында сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар істерді үкілеп келе жатқан Сіздің бойыңыздан ізгі қасиеттерді көреміз.

Сіз еңбекте қажыр - қайратыңыздың арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағыңызға үлгі болар абзал жан ретінде өзіңізді таныттыңыз. Бүгінде өзіңізден өрелі ілім алған шәкірттеріңіз, елге қызмет етуде. Қасиет пен кие дарыған туған жер – тұлғаның темірқазығы. Қасиетті Ақсу жеріне табиғатына Сіз адал қызмет еттіңіз, Ақсу жерінің гүлденуіне үлес қостыңыз. Ерен еңбегіңіз әрқашан елдің есінде болмақ.

Сізді мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Ақсулықтар Сіз сияқты абзал аналарымызды мақтан етеді, құрмет тұтады. Бүгін мен жерлестеріңіздің Сізге деген ыстық ықыласын жеткізгім келеді. Сіз бала мен немере, шөбере ортасында ардақты ана, сүйікті әже, халықтың құрметіне бөленіп отырған бақытты жансыз. Отбасыңызға мол ырыс, береке - бірлік, зор денсаулық, баянды бақыт, шаттық тілейміз.

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН:**
**Аудан әкімі**
**Берік Тынышбайұлы,**
**Мәслихат төрағасы**
**Бейбіт Жаңылысұлы,**
**Ардагерлер кеңесінің төрағасы**
**Аманкелді Айтбайұлы.**

● ***ТАЗАЛЫҚ АЙЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ***

## "ТАЗА ҚАЗАҚСТАН" экологиялық акциясы



Қазақстан Республикасының Президенті жариялаған "Таза Қазақстан" акциясы аясында өтіп жатқан сенбілік жұмыстарына аудан тұрғындары бір кісідей атсалысуда. Өткен аптада «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Жасыл аймақ» апталығына 2000-ға жуық адам қатысып, нәтижесінде Жансүгіров ауылының саябағына 600 түп қайың ағашы отырғызылды. Саябақтың ауласына санитарлық тазалық жұмыстары жүргізілді. Қатты қалдықтар арнайы жинау орындарына шығарылды.

Жарайсыздар жерлестер. Тазалық айлығы әлі жалғасады.

**Берік БАЙБОЛОВ,**
**аудандық тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы.**

## ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР АДАМДАРДЫ 2–4% КВОТА БОЙЫНША ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық партиясы филиалының төрағасы Жакупов Серікхан Амангелдіұлы және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының міндетін атқарушысы Исаева Раушан Байдүйсенқызы кездесу өткізді. Аталған кездесу "Ақсу Су құбыры" мекемесінде өтті.

Түсіндіру барысын жұмыс орындарының квотасымен бастап, соны сақтау бойынша ақпараттар берді. Жұмыс орындарының квотасы дегеніміз – жергілікті атқарушы органдар белгілеген квотаға сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілердің жұмыс орындарын ұсынуы болып табылады.

Жұмыс берушілер белгіленген квотаға сәйкес квота енгізілген күннен бастап алты ай ішінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын беретіні көрсетілген.

Квота шеңберінде жұмысқа медициналық қорытынды бойынша еңбек міндеттерін орындауға қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектер қабылданатындығы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

## "АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!" ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚАРТ КІСІЛЕРГЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК



"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының «Ардагерлерді ардақтайық!» партиялық жобасы аясында Қапал бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен, Қапал ауылдық округінің тұрғыны қарт атамызға барып халын сұрап, медициналық тексеруін жасатып жағдайын біліп қайтты. Қарттарымыз аман болсын!

**Жанель ЕСІЛҚЫЗЫ,**
**"AMANAT" партиясы Ақсу аудандық филиалының консультанты.**

БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨҢІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2024 ЖЫЛДЫҢ II ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық *"ҚАЗПОШТА"* байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

*"АҚСУ ӨҢІРІ"* газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

*Газет индексі:* 66750

**● АҚСУ АУДАНЫНЫҢ "ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ" СЕҢКІБАЕВА АЖАР СӘРСЕМБАЙҚЫЗЫ - 85 ЖАСТА!**

# АЛДЫҢҒЫ ТОЛҚЫН



«Ерінбей еңбек еткен адамға бақыт өзі бас иеді»,-деген сөздің жаны бар. Шынымен де, қиындыққа мойымай, адал еңбек етіп, заман талабымен бірге алға қарай қарышты қадам баса білсе, адам баласының бағындырмайтын белестері болмасы анық. Осындай қағиданы ұстанып, бүгінде жемісті еңбегінің жеңісін көріп отырған асыл жандардың бірі – біздің алдыңғы толқын әпкеміз, ұстазымыз, тәлімгеріміз, үлгі алған, әлі де үлгі алар апайымыз, Еңбек ардагері, Ақсу ауданының «Құрметті азаматы» Сеңкібаева Ажар Сәрсембайқызы.

Ажар апайымыз бүгінде жетінші мүшелі 85 жасқа толып отыр. 85 жасқа толған ананы халқымыз «Ұлы ана», «Асыл әже» деп атаған.

Отбасының берекесін ұйытып, бала өсіріп, жар күтетін әйел, ана – осы уақытқа дейін бізге үлгі болып, ауданымыздың дамуына зор үлесін қосып, еңбек етіп, әлі күнге бізге ұстаз болып келеді.

Иә, ол кісінің талпынысы мен талғамынан өзін – өзі дамытуға деген ізденісі мен бізге берген тәрбиесінен біз әлі нәр алып келеміз. Біздің бүгінде халықты ауызбіршілікке шақырып, ел алдында құрметке ие бола алғанымыз – осы кісіден алған тәрбиеміз.

Қашанда ақ жүрегімен, қарапайым үлгісімен, ұлкендік қасиетін көрсетіп, елге шынайы тілекші болып, ақ батасын беріп жүрген аяулы әпкеміз Ажар Сәрсембайқызы 1939 жылы сәуірдің 28 - де Қарасу ауыл Советіне қарасты «Еңбек» колхозында дүниеге келген. Балалық шағы Ұлы отан соғысының ауыр жылдарына тап келген әпкеміз балалықтың қызығын көре алмады.

Соғыс аяқталғаннан кейін 1946 жылы негізгі тасын Мейірман Ермектасов қалаған Қарасу жеті жылдық мектебінің бірінші класына оқуға береді. Оны бітірген соң Абакум селосындағы (қазіргі аудан орталығы Жансүгіров ауылы) Чапаев орта мектебін (қазіргі Е.Смқымов атындағы орта мектеп - интернатын) бітірді. Сол орта білімімен Мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтына түсіп, физика – математика мамандығы бойынша жоғары білім алып, 1961 жылы бітіріп шықты.

Ауданға келіп, Қарашілік жеті жылдық мектебінде мұғалім, аудандық комсомол комитетінің хатшысы, Ақсу 8 жылдық мектеп - интернатында аға тәрбиеші қызметтерін атқарған.

1966 жылдан 1991 жылға дейін аудандық партия комитетінде нұсқаушы ретінде штаттан тыс парткомиссияны басқарады. 1972 жылы Жоғарғы Партия мектебін бітіріп келген соң, аудандағы партиялық комиссияны басқаруды Ажар апамызға тапсырды, оны 20 жылдай басқарды.

Сол кездегі тәртіп бойынша ауданның бірінші басшыларынан бастап қарапайым жұмысшы коммунистеріне дейін парткомиссия оларды бақылауында ұстайтын. Болған өзгерістер жайлы мезгіл – мезгіл облыстық парткомиссияға хабарлап отырады. Сондықтан парткомиссияның рөлі ауданда зор болды.

Сол кездегі партия комитетінің хатшылары Ғалым Тұрғамбаев және Наурыз Қылышбаевпен ақылдасып, аудан коммунистері жайлы кейбір мәселелерді тексеріп, талқылап, көп мәселелерді шешіп отырды. Оны қазіргі ауыл ақсақалдары, алдыңғы толқын ағалар дәлелдеп бере алады.

Ажар Сәрсембайқызы 1964 жылы Жармұхамет Қуатұлымен отбасын құрады. Ол кісі ұзақ жылдар аудандық Союзпечатьты басқарып, кейін ол почтаға қосылғанда сол қызметін өмірінің ақырына (1996 ж.) дейін абыроймен атқарған ауданның абыройлы азаматы.

Иә, Ажар Сәрсембайқызы – аяулы жар, үш баланы өмірге әкелген ардақты ана. Немерелеріне ғана емес аудан үшін асыл әже. Бүгінде ұл – қыздары жоғары білімді, ел үшін еңбек етіп, ел ағасына айналған.

Үлкен ұлы Нұрлан жоғары білімді, Алматыда Әділет департаментінде қызметте, оның ұлы Жандос өзіміздің Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясын «Алтын белгіге» бітіріп, КазГУ-дің халықаралық қатынастар факультетін, магистратурасын қызыл дипломмен аяқтап, Астанадағы сыртқы істер министрлігіне конкурста өте жоғары балмен қызметке орналасқан.

Үш жыл Жапон елінде елшілік қызметін аяқтап келіп, қазір Сыртқы Істер Министрлігінде жұмысшы. Бес тілді: қазақша, орысша, жапонша, ағылшынша, французша жақсы меңгерген. Мемлекеттік қызметте Ажар апасының арманды ізін жалғастырған немеренің бірі емес бірегейі.

Қызы Роза да жоғары білімді, география ғылымдарының PhD докторы, КазГУ-де география, түркия пәндерінен сабақ беретін оқытушы. Ал, осы Розаның ұлы Санжар КазГУ-дің әлемдік экономика мамандығын қызыл дипломмен бітіріп, биыл магистратураны Германияның Франкфрут қаласындағы Гете Университетінде ойдағыдай оқып жатыр.

Ендеше,асылә жеміз,алдыңғы толқын әпкеміз, тәлімгеріміз Ажар Сәрсембайқызын ертеңгі қуанышты күнімен, жетінші мүшел 85 жасына ыстық тілегімізді аудандық "Ақсу өңірі" газеті арқылы жеткізгіміз келеді.

Осындай еңселі қалпыңызда жүзге жетіңіз. Ұрпақтарыңыздың қызығын көріп, аман - есен жүріңіз. 85 жасқа толуыңызбен Ақсу ауданы жұртшылығының, і з б а с а р л а р ы ң ы з д ы ң, шәкірттеріңіздің атынан құттықтаймыз!

Тілегімізді ақынның:

Жаның сұлу үйлескен –  
тылсым делік,  
Жеміс іңді еліңе жүрсің беріп.  
Қазағымның бақ қонған  
қызы едің,  
Мақтанамын киелі бір  
шың көріп! –

деген, Ажар Сәрсембайқызына арналғандай тамаша өлең жолдарымен аяқтаймыз. Алдымызда әрқашан биік шың болып, ақылыңызды, батаңызды беріп, аман – сау жүре беріңіз.

**А.АҚМОЛДАНОВА, К.ДӘУЛЕТБЕКОВА.**

# Алапат апаттар Арктикаға ашкөздіктен бе?




Ашкөздік. Осы бір сұрақта сөз ойға оралса отыз жыл елімізді басқарған басшылардың ел байлығын сүлікше сорып миллиардттарды шетелге асырғандарын күллі ел біледі. Сол ашкөздік кесірінен Қызылағаштағы арзанға сатылып, күтусіз қалған бөгет опырылып талай адам тасқын суға ағып, опат болды. Билікке деген ашкөздіктің араны ашылып, қаңтар қырғыны болып, ақыры отыз жыл ел еңсесін түсірген мемлекет басшыларының қолына кісен салынды. Енді міне, айтып келген апатқа алдын-ала бөлінген миллиардтаған қаржыны ауыл, аудан, облыс басшылары, ТЖ басшылары отыз жылда үйреніп алған ашкөздікке салынып, топан суды қаптатып, елімізді қыруар шығынға батырып масқара болуда.

Бірақ қариялар, барша жұрт еңбектеген баладан, еңкейген қарияларға дейін мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың апат аймақтағы барша жапа шеккендерге нақты көмек болатынын қадап айтқанына нық сеніп, көмек қолдарын созуда. Тіпті ақсақалдарымыз «Жаңа К




лекет басшысының сенімді сөзі «Аллаһтың құлағына шалынып», ескі Қазақстанның былық-шылығын жуып, тазалап беріп жатқан шығар деген наным-сенімдерін де айтуда. Ал, мал ашуы мен жан ашуы отыз жыл опасыз ел басқарған жемқорларға бағытталуда. Халықты қан қақсатқан олар түбінде Алланың қаһарына ұшырары сөзсіз,-дейді ақсақалдар. Я, аңыздарда талай-талай қу патшалар қу таяқ ұстап қалғандарын ақиқатпен жазып кеткен емес пе.

Ашкөздіктің дүние жүзіне жойылып шетелдегі дүлей тасқынның салдарынан адамдар көз жұмса, солардың бірі Ресейдегі топан суда елді мекендерді жайпап жатыр. Ашкөздіктің енді Арктикаға ауыз салып жатқанына нақты зерттеу мен ғалымдардың ой-пікірінен біраз мысалдар келтірейік: Мәңгілік мұз астында жатқан аймаққа мүдделі елдердің мұнай көмір газды өндіруге деген құлшыныстары артып Арктика экологиясына зор зардап келтіріп, мұздардың еру процестерін жылдамдатып, әлемдік мұхит деңгейі көтеріліп жағалаудағы мемлекеттер суға батып, тұщы су қоры таусылады.Осы туралы 2007 жылы БҰҰ-ң климаттың өзгеруі жайлы сарапшылар Арктиканың климаттық өзгеруі басқа аймақтарға зор апат келтіретінін айтып, ол он жыл өтпей-ақ шындыққа айналды. Ал, 1979 жылы жер серіктерінің көмегімен бақылау басталғаннан бері Арктика мұз көлемінің жартысынан көбін жоғалтқан. Арктикада мал шаруашылығымен айналысу, үй салып, жол жасап, байланыс желілерін тарту өте қымбатқа түседі. Бірақ, барлық Арктиканың басым бөлігіне Ресей жолдар үй салып, байланыс желілерін жүргізіп жатыр. Неге? Енді осыған тоқталып көрелік. Ел есінде болса, 2007 жылы Ресей космосқа ұшырғандай көгілдір экраннан көрсетіп, Арктикадағы су астына 4200 тереңдікке сүңгіур құрылғы түсіріп, теңіз түбіне титан жалау орнатты. Өйткені, Арктика қойнауында Ресейлік мұнай қорының төрттен бір бөлігі табиғи газ қорының тең жартысы жатыр. Сондықтан Арктиканы игеруге Мәскеу ашкөздікпен қарап, қыруар қаржысын аямайды. Солтүстік Мұзды мұхитқа тіреліп жатқан Ресейдің Арктикалық секторы барлық Арктиканың жартысына жуығын қамтиды. Онсыз да әлемдегі жер көлемі ең үлкен Солтүстік көршіміз Мұхиттың біраз табанын қосып алса қыруар байлыққа кенеледі. Сол теңіз табанын континенталды жерінің жалғасы санайды.

Оның үстіне көздері Арктиканы бағындыру – әлемді бағындыру екені жиі айтылып келеді. Соған байланысты таяуда Арктика тағы да экологияны қорғаушылардың назарына ілікті. БҰҰ-ның халықаралық теңіз ұйымы Солтүстік Мұзды мұхитта ауыр жанармай жүретін кемелердің жүзуіне тиым салу жөнінде бастама көтерді. Бастаманы Германия, Нидерланд, Жаңа Зеландия, Финляндия, Швецияға және Арктикаға қатысы бар АҚШ, Норвегия, Исландия қолдайды. Күллі елдер 2017 жылы қалдық отынды пайдалануды азайтуға сөз берген, және сөздерінде тұрған. Арктика кеңесінің мүгие елдері мазуттың орнын басатын отын іздеуге кірісті.

Ал, Арктиканы Қытаймен бірге игеруге құлшына кіріскен Ресей мұнай мен газды өндіруді тоқтатпайтынын ашық айтқан. Кремль мазуттың орнына дизельмен сұйытылған табиғи газды қолданатынын көрсетті. Бірақ, бұл отын түрлеріне Арктикаға экологиялық зиян келтіреді.

Дәл осылай Канада да Арктикаға тиесілі бөлігінде тұратын халыққа ресурс, мазутпен жүретін кемелер арқылы жеткізеді. Яғни, Оттава мен Мәскеу үшін экологиядан бұрын экономика маңызды болып тұр.

Шындығында, экологиядан бұрын экономикаға баса назар аударған барлық саясаттың (біздің елде де) қате екенін уақыт дәлелдеп келеді. Алысқа бармай-ақ, оған мысал өзіміздің Арал теңізінің тартылуы тек Орта Азия елдерінің экологиясына әсер еткен болар. Ал, Арктикадағы мұздың еруі бүкіл адамзатқа қауіп төндірмей ме.

Сонымен Ресей Арктиканың үштен бірін иемденгенімен БҰҰ-ның 1982 жылғы конференциясы бойынша барлық Арктикалық аймақты өзінің экономикалық мүддесіне пайдалана алмайды. Мәселен Ломоносов жотасы орналасқан жерде 5 миллиард тонна көмір су тегі бар. Оны өндіру құқығына ие болу үшін Кремль жиырма жыл уақыт күресіп келеді. Арктика су асты қайрандарындағы шекарасын кеңейтуді сұраған. Ресей БҰҰ-ға үш мәрте өтініш бергенімен көрші елдің бұл өтініші геологиялық мәліметтердің жеткіліксіздігінен қанағаттандырылмады.

Бірақ, Канада, Дания мен Норвегия елдерінің мүддесін АҚШ қорғаса, дауға келгенде Ресей Федерациясы да есесін ешкімге жібере қоймас. Сарапшылардың пайымдауынша, Арктика туралы әңгіме алдағы уақытта да әлемдік ашкөздік тартыстың арқауына айналады.

Бір қызығы географиялық тұрғыдан Арктикаға мүлдем қатыс ы жоқ Қытайдағы өзі соңғы жылдары аталған аймаққа шаншыла көз тігіп отыр.

Міне, осындай табиғи байлыққа деген ашкөздік мәңгілік мұздықтардың түбіне жетпей ме? – деген қауіп-қатер әлем ғалымдарын алаңдатуда.

**Айнұр ДҮЙСЕНОВА,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.**

# Электрондық апостиль қою

Мемлекеттік қызметті аумақтық әділет органдары (облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әділет департаменттері) экстерриториалдық қағидаты бойынша көрсетеді.

Өтініш «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz арқылы қабылданады.

Портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі - 1 (бір) жұмыс күні. Қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы негізде көрсетіледі, мемлекеттік баж 0,5 АЕК мөлшерінде алынады.

Қабылдау портал арқылы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш білдірген кезде, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) жүзеге асырылады.

Портал арқылы жүгінген кезде қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық өтініш;

2) сканерленген көшірмесі түріндегі апостиль қойылуға жататын құжат электрондық сұрау салуға қоса тіркеледі.

Көрсетілетін қызметті алушының анкеталық жеке деректері өзгерген кезде қосымша растайтын құжаттар қоса беріледі, сондай-ақ, мұрагерлер жүгінген кезде қайтыс болған адаммен туыстығын растайтын құжаттар ұсынылады.

Порталда электрондық өтінішті қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

Ұсынылған құжаттар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған құжаттардың электрондық көшірмелері түрінде табысталады.

Шет мемлекетке шығар алдында осы елдің Гаага Конвенциясына қатысушы болып табылатындығын және «апостиль» электрондық мөртабаны бар электрондық құжатты қабылдау мүмкіндігі туралы алдын ала нақтылау ұсынамыз.

**Дастан ҚАЛИБЕКОВ,**
**Ақсу ауданаралық әділет басқармасы басшысының міндетін атқарушысы.**

# Әдептілік – әдемілік белгісі



Мемлекеттік қызмет қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге септігін тигізеді. Әдептің қоғамдағы басты қызметі тұлғалық қатынастарды адамгершілік талаптарына сәйкес ретке келтірумен байланысты. Бұл сипатта Әдеп мәдениеттің іргелі бір құрамдас бөлігіне жатады. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейтін Әдеп кодексі қоғамның мемлекеттік қызметшілерге сенімін нығайтуға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез - құлық жағдайларын алдын алуға бағытталған.

- Мемлекеттік қызметтік әдептілік қағидаттарына келер болсақ, адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық болып табылады. Нақтырақ айтқанда, адал ниеттілік қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;
- адалдық өз міндеттеріне шынайылықпен қарау;
- әділдік жеке және заңды тұлғалардың қоғамдық топтары мен ұйымдарына ықпалына қарамастан кез - келген мән жайлар бойынша бір жақты кемсітуге жол бермеу болып табылады. Ал, ашықтық жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын болу және өз іс қимылдарын ашықтығын қамтамасыз ету. Ұжымда түсіністік пен сенім атмосферасын қалыптастыру, сондай-ақ, қызметтік әдеп нормаларын сақтау;
- сыпайылық азаматтармен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау болып табылады. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге іскерлік пен ұстамдылыққа сай болуы тиіс. Қазіргі уақытта әрбір мемлекеттік қызметші тікелей халықпен жұмыс жасайтындықтан, оның басты міндеті әдеп нормаларын сақтап, қарапайым болуы керек.

**Бекзат ЕРМҰХАНБЕТОВ,**
**аудан әкімі аппаратының басшысы, әдеп жөніндегі уәкілі.**

# ТІЛ МӘСЕЛЕСІ – ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ

***Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл.***
***ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛІ.***




Тіл мәселесі ең өзекті тақырыптардың біріне айналды. Қазақтың атақты батыры Бауыржан Момышұлы атамыз айтып кеткендей, тіл тазалығы үшін күрес - ешқашан толастамайтын мәңгілік күрес. Сол себепті бұл әлі күнге өзекті мәселе болып қалып отыр. Сондықтан мен тіл жанашыры ретінде, мәдениет саласының қызметкері ретінде тіл мәселесі жайында сөз қозғағым келіп отыр.

Тіл мәселесі - әлі шешіле алмай келе жатқан мәселелердің бірі ме? Қалай ойлайсыздар, оның жағдайы бір қалыпта, бір деңгейден көтерілмей тұр ма? Бұл мәселені сонау жылдар бойы талқыға салды, көптеген ойлармен бөлісті. Сол жайында көптеген мақалалар, көптеген еңбектер жазылды. Бәрі де атсалысуда және атсалысқан. Осы тұста Ахмет Байтұрсынов, Мұхтар Әуезов, Спандияр Көбеев, Жүсіпбек Аймауытов, Қадыр Мырза Әлі сияқты тіл жанашырларын атап өтуге болады. Міржақып атамыз да сонау өз заманында «Оян, қазақ!» өлеңімен, ал, Ахмет атамыз «Маса» кейпінде халықты оятпақ болды. Бірігін күш салуға шақырды. Тіл мәртебесін көтеруде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та біршама келелі мәселелерді алға қойып, оның шешу жолдарын да айқындап беріп жатқаны жасырын емес.

Мәселені екінші жағынан қарайтын болсақ, қазіргі таңда тіл тазалығы туралы жұмыстарды ілгерілеушілік бар екені жасырын емес, тіпті қуантады. Өскелең ұрпақ тілімізді құрметтеуде, оның қасиеті мен қадірін, әдемілігін ұғынуда. Тек өзге тілде сөйлеу емес, қазақша әдемі сөйлеу мен сөз саптау өнері қайта сәнге кіріп, жалынды жастардың қалауына айналып бара жатқаны белгілі.

Заман талабына сай, қазақ азаматы үш немесе одан көп тілді білуі қажет. Заманның талабы сондай. Алайда, өз ана тілін білмейтіндер де бар. Өз ана тілін білмей тұрса, өзге тілді біліп керегі не? Тамырмен келген ата – баба намысы қайда? Иә, біз өркендеп дамуымыз керек, жан – жақты болуымыз керек. Бірақ, ешқашан өз ана тілімізді ұмытпауымыз керек. Оны кірлетпей, таза ұстап, ана тілімізбен айтылатын Әнұранымыз жүрегімізге сіңуі керек. Ана сүтімен ана тіліміз бойымызға енеді деймiз, оны сезінетіндер көп болғаны өзімізге жақсы емес пе?

Қадыр Мырза Әлі атамыз: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!», - деп айтқандай, жан – жақты болуға ешкім қарсы емес, тек ана тілге деген құрметтің аздығына көптеген тіл мамандары уайымдауда. Егер өзіміз ана тілімізді құрметтемесек, өзге ұлттардан қандай құрмет күтеміз? Өзіміз құрметтемей, кім құрметтейді? Бұл мәселені өзіміз қолға алмай, кім алады? Сондықтан бір – бірімізге итере бермей, өзімізден бастауымыз керек. Ең болмаса, қазақ қазақпен қазақша сөйлесуден бастаса, жылжу байқалады. Мұны байқап өзгелер қызықпай ма? Осы мәселені шешуді қолға алып, өзектілер қатарынан алып тастайық дегім келеді. Біз, жас ұрпақ, тілімізді тек жақсы жақтарынан көрсетуіміз керек. Шетел азаматтары «бұл қандай тіл?» деп қызықтыратындай етсек те, бұл біздің қолымыздан келеді деп санаймын.

Жастарды қызықтыратын қазақ тілінде қазіргіден де көп әндер, фильмдер, кітаптар, ыңғайлы, ықшам, пайдалы дүниелер жарық көрсе, бір пайдасы тиер. Қазақ тілін үгіттейтін, насихаттайтын қоғамдық жобалар, жұмыстар бұдан да көп жұмылдырылса нұр үстіне нұр.

Себебі, болашақ бүгіннен басталады. Ал, тіл - болашағымыздың кепілі, негізгі іргетасы.

**Мұқият ӘДІЛЕТ,**
**Кеңжыра ауылдық клубының әдіскері.**

***

# ТІЛ мен ТӘУЕЛСІЗДІК егіз ұғым

Тіл мен тәуелсіздік егіз ұғым. Тілсіз - тәуелсіздік, егемендіксіз - тіл болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Тәуелсіз Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ.

Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», – деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс – шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес.

Алайда, жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп жүрегің қан жылайды. Бір жағынан, әлі күнге дейін орыс тілінің ырқынан шыға алмай жүргендігімізден болар.

Расында, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі.

Еліміз жетпіс жылдай Кеңес Одағының қарамағында болды. Ата – анамыз орыс тілін ұлықтады. Қазақ халқы өзінің тілін, ділін, тіпті салт - дәстүрін ұмытардай халге жетті. Дегенмен, «сабақты ине сәтімен» деген. Еліміз сан ғасыр аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді. Тіліміздің түп тамырымен жойылып кетпегеніне шүкіршілік етуіміз керек тәрізді. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасына дарыған ана тілі ғана. Мағжан Жұмабаевтың тілінде айтсақ:

«Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың…
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!».

Ана тілі – ананың ақ сүтімен әр қазақ баласының бойына сіңген тіл емес пе еді. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті – өз халқын, өзінің атамекенін қалай сүюімен, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам – өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны қазақ жастары түсінсе екен деймін. Алайда, осыны ескермей орыс тілінде шүлдірлеп, қазақ тіліндегі әнді тыңдауды қор санап жүрген қазақ жастары қаншама. Кейбір мекемелерге барсаң орыс тілінде сауатты жазылған сөз қазақ тілінде мүлдем ұйқассыз аударылып, есіктерінде ілініп тұрады. Мұны көргендердің бірі езу тартып күліп, енді бірі оған мән бермейді де. Біздің қоғамның басты кемшілігі осы болар, бәлкім. Бұған жауап ретінде ақын Оразақын Асқардың мына бір өлең жолдарын алар едім:

«Ана тілінде ата-баба сыры бар,
Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.
Өсе келе құстың тілін білсең де,
Ана тілің оның қандай құны бар».

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен.

**Т.ШҰЛҒАУБАЕВ,**
**Б.Сырттанов ауылдық клубының меңгерушісі.**

# КІТАП – тарих шежіресі




Кітап – қоғамның рухани күштерін дамытудың қуатты құралы, мәдениеттің қайнар бұлағы болса, кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір. Ал, кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар.

23 сәуір - Дүниежүзілік кітап және авторлық құқықты қорғау күніне орай, аудандық кітапханасы мен аудандық балалар кітапханасының ұйымдастыруымен «КІТАП шоу - 2024» фестивалі өтті. Іс-шараға «Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің» басшысы Қасымбеков Нұрбол Нұрбекұлы, кітапхана оқырмандары, Қ.И.Сәтбаев атындағы орта мектеп - гимназиясының, «Е.Сиқымов атындағы орта мектебі, мектеп жанындағы интернатымен» КММ-нің ұстаздары мен жоғары сынып оқушылары қатысты.

Шара барысында аудандық кітапхана библиографы Гүлшат Тұрсынқызы «Тұғыры биік тұлғалар» атты кітап көрмесімен таныстырып, арнайы библиографиялық шолу жасады. Көпшілік көрермен арасында зияткерлік ойындар ойнатылды. Кітапхана оқырмандары кеш қонақтарына жыр шашу арнап, кітапхананың тұрақты оқырмандары Айқын Ілияс пен Құрайыш Бекболат күй орындады. Мың бұралған биші қыздар «Қазақ биін» билеп, аудандық қобызшы "Молықбай Байсақұлы" атындағы мәдениет үйінің қызметкері Нұрлан Толқын ән шырқады. Іс-шараны аудандық кітапхана басшысы Дүйсекова Эльмира Жұмағазықызы қорытындылап, шараға белсенді қатысқан оқырмандарды «Алғыс хаттармен» марапаттады.

Кітапхана басты руханият ордасы болғандықтан, аудандық кітапханасы оқырмандармен тарихи, танымдық, тәрбиелік маңызы бар әртүрлі форматта іс-шараларды жиі өткізіп тұрады.

Біздің аудандық кітапханамыздың есігі келем деушілерге әрдайым ашық. Кітапханаға жиі келіңіздер, бірге ізденіп, бірге еңбек етейік.

**Қуангүл ЕРЛАНҚЫЗЫ,**
**аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.**

**МЫРЗАҒҰЛҰЛЫ ТОЛҒАНБАЙ АҚЫННЫҢ ТУҒАНЫНА - 180 ЖЫЛ!**

# ЖЫР ТҮЙҒЫНЫ



Тарих күнпарағы ашылған сайын өткен уақыт жақындай түспек, жақыны алыстай бермек. Өмір заңы – осы. Уақыт ғұмырдың соғысы алға озғалы неше заман шаңның астында қалды. Ғұмыр алмасты. Өмір өзгерді. Жаңа заман туды. Еркіндік алған ұранды ел. Тарих толқынында тасада қалған тұлға көп. Насихаттау, таныту, жариялау – бүгіннің ісі, бүгіннің зор міндеті.

Ақсу. Қапал. Бұл – жерұйық Жетісудағы ескі жұрт. Осы өлкенің өзіндік тарихы, әдебиеті, мәдениеті бар десек, қателеспеген болар едік. Сонау қадым замандардан алға тартсақ, бұл топырақта туған, өскен, қалыптасқан һәм ауыл-аймақтың беделіне айналған тұлғаларымыз өте көп. Біз, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дүниеге келген, еліміздің әлеуеті нарық кезеңіне тап болған шақта, есейген буын едік. Бала күнімізде есте қалған бір жәйт – ауыл ақсақалдарының алқақотан отырып, әңгіме-дүкен құруы еді. Біз, бәлкім ескі заманның көзіндей болған көнекөз қарияларды көріп-білген, әңгімесін естіген соңғы адамдар қатарынан болармыз. Біздің үйдегі ақсақал да ескі сөздің білгірі, көрген, түйгені мол ғибратты жан еді. Қазақтың сан ғасырлық тарихын, әдеби мұрасын қопарып, бажайлап айтқанда, алдына жан салмайтын-ды. Осы дана шалдардың әңгімесі, тағылымды сөздері – менің қатарластарымнан әлдеқашан ертерек есейуіме, дүниетанымымның қалыптасуына зор әсер еткендей. Ер жеттік. Әдебиет, ғылым соңына түстік. Туған жұртқа сирек қатынауға айналдық. Бірде, "Әдеби өлкетану" деген ой еске түскенде, баяғы аһар-шаһар әңгімелер, келісті хикаялар көз алдыма елестеді. Бір өкініштісі – қазір сол әңгімені айтатын ақсақалдар да, әдеби мұра туралы шалқар әңгімелер де жоқ. Ескен желдей, көшкен селдей. Бір ғұмыр тәмамдалған. Мол қазына сол ескі заманның куәгерлерімен бірге кеткен. Ауыл тарихын, елдің руханиятын жетік білген кемеңгерлер көз жұмған екен. Бірақ, бір үміт барына сенгенмін. Әлі де сенемін…

Күдік аралас үмітіміз рас болып шықты. Ескіліктің сөзін білген даналарды көріп өскен, әңгімелерін хатқа түсіріп, жиып-терген екі адам болса, соның бірі – Жемісбек Толымбеков!

***Өлкетанушы Жемісбек Толымбеков зерттеу жұмысы барысында***

Жемісбек ағам әрі жазушы, әрі өлкетанушы. Бүгінде алпыстың бел ортасында жүрген қарасақал, түбіт иек азаматтың Ақсу-Қапал тарихын түгендеудегі, жүйелеудегі еңбегі ерен. Осындай қазыналы азаматпен танысуым, шығармашылық жолда мұраттас, идеялас болуым – Тәңірінің маңдайға жазған бағы деп білемін. Шүкір! Сөз басында айттық, біз қаріп танып, ес білген шақта, ауыл ақсақалдарының алды – тоқсаннан асқан, соңы жетпістің жалына мінген-ді. Осы жас мөлшермен есептегенде, біз әлдеқайда бала, әлдеқайда кіші едік. Ортамыздағы мүшел жас айырмашылығы, ұрпақтар сабақтастығы сол замандары жігіт ағасы жасында жүрген Жемісбектер екенін енді аңдап, біліп отырмыз ғой.

Биылғы жылы, Ақсудың топжарған ақыны, шартты түрде алғанда, Қапал-Ақсу ақындық мектебін қалыптастырушылардың бірі, дәл осы Жемісбек Толымбековтың табанды зерттеуінің нәтижесінде халқымен қайта табысқан Толғанбай Мырзағұлұлының туғанына 180 жыл!

Толғанбай абыз 1844 жылы қазіргі Ақын Сара, бұрынғы Көкжайдақ ауылында туған. Халық сөзіне сенсек, Толғанбайға талант, дарын үш жасында ақ қоныпты. Ойын баласы аулада ойнап жүргенінде, ақ боз атты, ақ сәлделі, ақ сақалды қарт: "Әй, ботам! Өлең аласың ба, көген аласың ба?", – деген екен. Әруағы шалқар бабамыз сонда өлеңді қалап алған баланың маңдайынан сүйіп, басын сипап, батасын беріпті. "Қапуғай" деген әуезді әуенді сол жарықтық ақсақал сыйлаған екен дейді. Бала жасынан тасқын талантымен танылған Толғанбайды ел-жұрт, ауыл-аймақ тегіс "Әулиеден әуен алған Толғанбай" деп атап кеткен екен.

Ескі ру жөнімен алғанда Толғанбайдың сүйегі – Найман атасынан. Матайдан Кенже, одан Сұртай ақын. Сұртайдан Үмбет батыр. Үмбет батырдан Болат. Одан Байғыз. Сақай ақын. Тағай батыр. Тұңғат дана. Ер Тоқпанбет ата. Байжан батыр. Байжаннан өз әкесі – Мырзағұл. Мырзағұлдың тоғыз ұлы болыпты. Қоштыбай шебер;Естібай зергер; Ендібай жылқы пірі, емші; Тектібай бай; Белібай білік; Телібай болыс; Жұманбай, Толқынбай және Толғанбай ақын болыпты. Түп тамырынан бастап батырлық, ақындық қасиет қонған бұл әулеттің қай ұрпағы болмасын, өнерден, батырлықтан үлесі бар екен.

Толғанбай ақынды көргендер өмірде оның кекірт, кіді, өнерде тәкаппар, асқақ адам болған деседі. Асқақтайтын да, кіділенетін де жөні бар: заманында дақпырты алты алашқа шыққан топжарған ақын, үш матайды билеген болыс. Бірақ, ел - жұртқа болыспын, ұлықпын деп төрелігімен емес, алдаспан ақындығымен бұлданса керек-ті. Дәулескер талант ақындығын болыстығынан биік көріпті. Ақиқатында, осы күнгі қаймана жұрттың есінде болыс Толғанбай емес, ақын Толғанбай қалса керек-ті.

Жетісулық өлкетанушылардың басқосуы Жетісу тарихы – қазақ тарихының құрамдас үлкен бөлігі. Жетісу облысының тарихын жазу барысында Толғанбай сынды ақындардың сөзін, өмірін елеусіз қалдыруға жарамас. Толғанбай – бір жағынан заман шежіресі болса, екінші жағынан халықтың мұңын, елдің зарын жырлаған әлеуметшіл ақын. Ақын мұрасы, шығармашылығы сол заманда кітап болып шықпаса да, көз көрген замандастарының, жады мықты қарияларының есінде сақталып қалған. Бұрынғы Қапал ауданы, Абай атындағы колхозының тұрғыны Бейсебаев Бейсенбек деген қария "Толғанбай мен Түбек" айтысының мәтінін жазып, 1955 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының қолжазбалар қорына тапсырыпты. Сонымен қатар, Толғанбайдың толғаулары туралы үзік-үзік мәлімет Ғылым академиясының қолжазба қорындағы фольклорист Ә.Диваевтың жеке қорында сақталыпты. Профессор, абайтанушы Қайым Мұхамедханұлының, халық мұрасын зерттеуші Қаратай Биғожиннің еңбектерінде кездеседі. Заманында Ілекең, Ілияс аға Жансүгірұлы Жетісудың халық мұрасын жинастырып, зерттеу жұмысын бастап еді. Қиыны сол – Ілекең аңсар - арманына жете алмай, қапияда қазаға ұшырады емес пе!

Ақсудың түйғын ақыны атанған Толғанбай ақын Ақсу ақындық, әдеби мектебінің бастауында тұрған үлкен тәлімгер. Сол жылдары Қапал, Ақсу атырабында Бекетбай, Нұрланбек, Жұмабай, Жақыпбек, Омарбай, Омарбек, Әлімбай, Құтым, Білісбек, Тынысбек, Шәріпбек, Матай жұртының "үш тотысы" болған Сара (Кенже), Әсем (Қаптағай), Сарықыз (Аталық) сынды елге танымал ақындар өмір сүфріпті. Бірі ілгері, бірі кейінгі жылдары өмір сүрген осы ақындардың бәрі Толғанбайды ұстаз тұтып, батасын алған дейді дала шежіресі. Халық ақыны Қуат Терібайұлы Толғанбайды ұстазым деп ұлықтаған-ды. Советтік шовинистік билік орнағаннан соң, қазақтың тарихы мен әдебиетінің насихатталуына нүкте қойылып, сан ғасырлық дала мұрасы, дала өркениеті кеудесі алтын толы қазына қарттармен бірге қара жерге көміліп кетті. Ескі жұрттың ауызында есімі жиі-жиі айтылған Ағанасұлы Тәйкөт, Азнақұлұлы Ахмет ақындардың жырлары, өлеңдері бүгінге толығымен жете қоймаған.

Ақынның мұрасын зерттеп, зерделеуші Жемісбек Дулатбекұлы 2012 жылы Талдықорған қаласынан "Топжарған" жинағын шығарды. Жинаққа ақынның өлеңдері мен айтыстары топтастырылған. Өлкетанушы 1999 жылы Ақсу ауданы, Матай станциясында тұратын Қалибайұлы Ерғали ақсақалдың үйінен "Біржан мен Сара айтысы", "Аталек", "Қаптағай", "Аталық" жырларын жазып алыпты. 1935, 1945, 1962 жылдары үш рет көшірілген қолжазбаның соңғы нұсқасы бойынша қайыра хатқа түскен өлең жолдарының кейбір шумақтары түгел емес екен. Толғанбай мұрасын зерттеу, насихаттау ісі жаңа ғана қолға алынған соң, алдағы уақыттары ақын туралы талай жаңа дүниелер жазыларына бек сенемін.

***Ілияс Жансүгіровтің әдеби музейіндегі "Молықбай қобызы" экспозициясын талдау барысы***

Толғанбай заманындағы ақындардың қай - қайсысы болмасын тарихи дастан жазуды, адамзат шежіресін жазуды мұрат тұтқан. Адамгершілік, иман мен дін мәселесі – сол кездегі қазақ әдебиетінің даму дәрежесіне сай өмір шындығының көркемдік сыры мен тақырып, идеяның өзектілігінен туындаған демекпіз. Алдағы уақыттары ақын мұрасын архив құжаттары негізінде жариялауға, насихаттауға мұрат етпекпіз.

Ақсудың арынды ақыны 1897 жылы жарық дүниемен бақұлдасып, фәниден бақиға аттаныпты. Ақын ретінде де, азамат ретінде де еліне елеулі еді.

1994 жылы ақынның 150 жылдық мерейтойы аясында Жансүгіров кентінде үлкен той өтіп, әруағына дұға оқылып, Ас берілген. Бүгінде Талдықорған қаласында, Жансүгіров кентінде ақын есімімен аталатын көшелер бар. Анығы сол – «Рухани жаңғыру» жобасының жарығы түссе, ақын есімі ұлысымен бірге мәңгі жасай бермей!

**Елдос ТОҚТАРБАЙ,**
**Ruh.kz**

---

ҚОБЫЗШЫ МОЛЫҚБАЙ ШАЛ МАТАЙДАҒЫ,
МАТАЙДА КЕНЖЕ, ТҰҢҒАТ, САҚАЙДАҒЫ.

ҚАЗАҚТА ҚОБЫЗШЫНЫҢ ҚАЛҒАНЫ СОЛ,
ЖОРҒА ЕДІ МАЙМАҢДАҒАН БАҚАЙШАҒЫ.

**ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ.**

# МОЛЫҚБАЙДЫҢ ЖЫРЫ

Ақынға шабыт келсе сөз қала ма?
"Ақын жүрек" бекерге қозғала ма?
Ағылып көңіліме жыр да келді,
Қара қобыз ыңғанып боздағанда.
Оралдың ба шынымен, абыз бабам,
Ғасыр салып, киелі өлке өз далаңа?
Өзгерген бе бүгінгі ел, туған өлке,
Сырттай қарап, салдың ба көз даламa?

Бекер емес, бұл тарих, бұл үндестік,
Сіздер жүрген Ақсудың құмында өстік.
Ілияс болып, өлең де, жыр да жаздық,
Ағынды Ақсу тасқынын, шуын да естіп.
Бүгін міне, бір жасап қалғандаймыз,
Сіз ұстаған қара қобыз үнін естіп!

Әлқуат күйші бастағанда бір ырғақты,
Жан дүниемізді ерекше діріл қақты,
Азынаған әдемі қоңыр дауыс,
Тұла бойды тулатып, шымырлатты!
Бүгінгі болашаққа қара қобыз,
Ерекше сағынышпен бір үн қатты,
Қағысын жілетіп жүрек шіркін,
Бойымызда қан тасып жүріп жатты.
Өтсе де содан бері біраз уақыт,
Құлағымда қалып қойды үні тәтті.

Әлқуат Дотаұлы нағыз дарын,
Зерттеп жүрген тарихшы абыздарын,
Тербеліп ойнағанда қобыз бен күй,
Талай көрдік көзден жасты ағызғанын,
Көрермен ұйып қалар үнсіз ғана,
Тыңдағандай молдалардың уағыздарын.
Кешегі қобыз ұстаған кей бақсының,
Бала күнде естіп өстік аңыздарын,
Дұғасының күштілігі сондай мықты,
Қара суды кері қарай ағызғанын.
Сондай бір қасиетке балап тұрмыз,
Қазақтан шыққан Әлекең жалғыз дарын!

Өнерде жүріп, өзінің жолын тапты,
Лайықты өзіне орын тапты,
Рим папасын ерекше таңғалдырып,
Қорқыт күйін алдында орындапты.
Иоанн Павел риза болып,
Тік тұрып Әлекеңнің қолын апты.

Әлекеңнің өнерлі бар бабасы да,
Алтын алқа иегері Күлдария анасы да,
Өз атасы Қазақбай ақсақал да,
Ақындықпен танылған елдің арасына.
Әкесі Дота ағамыз ұстаз болып,
Тәлім берген бар қазақтың баласына,
Ағаштан түйін түйген нағыз шебер,
Тоқталсақ Қанаттайын ағасына,
Тектілікпен қасиет өнер біткен,
Қазақбай атамыздың бала - шағасына!

Қимастықпен уақытымыз өтті-ау, қауым,
Қалағанмен қобыздан күй тоқталмауын,
Шерін бір тарқатпаққа қара қобыз,
Ұққан жанға аямай төкті-ау зарын,
Болашақ жас өнерде білсін дедім,
Әлекеңе айрықша тоқталғаным.

Жетібай, Бұғыбай да дарынды еді,
Қара қобыз қолдарына алып еді,
Күмбірлетіп күйлері төгілгенде,
Отырған назарын салып елі.



Тектен біткен бұл өнер шет қала ма?
Байсақты да айналып шалып еді,
Ата текпен жалғасқан ұлы мұра,
Сізге келіп қонақтап дарып еді!
Қобыз ұстап, дем салып күй тартуда,
Қорқыттан жеткен құнды өнер сарын еді.
Мұң мұқтажын елінің жеткізер деп,
Қара қобыз қолыңызда қалып еді!
Төгілген күйлеріңнен төрткүл дүние,
"Қобызшы Молықбай" деп танып еді,
Атын қойған азан айтып Ойтоғанда,
Ілияс балаң атақты дарын еді!
Ақындықтан алдына жан салмаған,
Өлеңдері отты жыр, жалын еді.
Жасынан елі үшін еңбек жасап,
"Алашым" деп жан берген алып еді!
Ақсуда бірге өсіп Сақай - Қайнар,
Өзіңізді бала жастан танып еді,
"Күй" деген поэмасын сізге арнап,
Ел есінде атыңыз қалып еді,
Атыңызды аңызға айналдырған,
Қара қобыз сізге біткен бағың еді!

Қара қобыз әсер берді көрерменге,
Ұйып қалдық күңіреніп жөнелгенде,
Құйылып күй төгілді шанағынан,
Ерік бермеген бұлақтай бөгеулерге.

Жасатыпты қобыздың сынған жерін,
Мың алғыс Қанаттай шебер ерге,
Жаңалап жасаған соң кеткен жерін,
Ұқсамайды сондай қатты көнергенге.
Молықбайлар әлі де шығар анық,
Ұрпақтар бар мың шүкір өнерлі елде,
Сырттай қарап сүйсініп қала бердік,
Бата алмадым қолыма ұстап
көрем деуге!

**Ербол ОРАЗБЕКОВ.**

**ЖЫР ҚҰЛАГЕРІ, АҚЫН ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ!**

# ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ІЛИЯС




Қазақстан Жазушылар одағының тұңғыш төрағасы драматург, прозаик, ақын, фельетоншы, сатирик, журналист, аудармашы және қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығына арналған республикалық ғылыми - тәжірибелік конференция «Тау тұлғалы Ілияс» деп аталды. Шараны Ілияс Жансүгіров атындағы музей ұжымы ұйымдастырды. Алдымен ақын ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, студенттер өлең оқыды. Тағзым етілгеннен кейін Ілияс Жансүгіров атындағы университетте іліястанушылардың ізденіс, зерттеу жұмыстары тыңдалды. Тағылысды шараны облыстық мәдениет архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сұлтанов жүргізді. Облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев жиналғандарды ақынның мерейтойымен құттықтап, тарихты зерделеудің болашақ үшін атқарар жүгінің салмағына тоқталды. Салтанатты шараның ашылуында Жетісу университетінің ректоры Ермек Бөрібаев алыстан ат арылтып келген рухани әлемнің өкілдеріне алғыс айтты.

Конференциядағы алғашқы «Құлагер» поэмасындағы эмлционалды бірліктердің стильдік ерекшелігі атты баяндаманы филология ғылымдарының кандидаты Ерлан Қасенов жасады. Ол: «Кез - келген көркем туындыда белгілі бір кейіпкердің мінез-құлқын ашу мақсатында автор эмоционалды бірліктер мен эмоционалды мәнге ие болатын сөздерді қолданылады. Бұл өз кезегінде туындының көркем болуына, тартымды болуына ықпал етеді. Біз қарастырып отырған Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында адамның ішкі эмоциясына қатысты тілдік бірліктер молынан ұшырасады. Ақын эмоционалды тілдік бірліктерді қажетті тұсында қолданылу арқылы мақсатты ойын дәл жеткізеді. Мысалы, ақын «Құлагер» поэмасының:

Сопылар тәспі тартып,
құман ап жүр,
Әр үйге «Аллай хақ» деп
дуана жүр.
Кемпірі Сағынайдың
опырандап,
«Кет-кет!» деп дуананы
қуалап жүр

(«Құлагер» поэмасынан) – деген шумағында қазақ қоғамындағы адамдар қарым-қатынасының әрбір қимылын, әрбір көрінісін, әрбір құбылыстын кең ауқымда көрсетеді. Ақын кейіпкерлер тіліне «Аллай хақ», «кет-кет» тілдік бірліктерін қыбын тауып қиюластырып, сол кезеңдегі тұрмыстың шынайы көрінісін, психологиялық ахуалын көз алдыңызға әкеледі. Әлбетте, бұл тілдік бірліктер жеке дара тұрғанда ерекше бір көңіл-күйді білдірмегенімен өлең өрімінде айрықша эмоционалды мәнге ие. Ал ақынның:

Хан қабан – халық құлағын
бұрап тұрған,
Бүйі би – билеп –төстеп
сұрап тұрған.
Қор қылып ақ алмасты
отқа көсеп,
Жүз-жүз жар теңін таппай
жылап тұрған.
Қанды кек ел арасын ушықтырған,
Қорқауды қол табылмай
тұмсыққа ұрған.
Асыл ер, арманда жар опық жеген,
Албасты әлсіз жанды тұншықтырған»,–

деген жолдарында да қоғамды жайлаған жайсыз жайттардан хабардар етеді. Тіпті, қазақы танымда жағымсыз образды білдіретін «қабан», «бүйі», «албасты» тәрізді экспрессивті-эмоционалды мәндегі тілдік бірліктер пайдаланылып, әсерлеушілік, бейнелеушілік мәнді күшейтіп тұр. Ақынның ханға қабанды, биге бүйіні балама ретінде ала отырып, бейнелі түрде беруінің өзі тілдік талғамның жоғарылығын танытады»,–деп ақын поэмасының стильдік ерекшелігіне тоқталды. «Жансүгіров және архив» деген баяндаманы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты. Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Насихат Набиолла жасады. Ол ғылыми жұмысында І.Жансүгіровтың Орталық мемлекеттік мұрағатта сақталған шығармаларына, халық арасынан жинап, жүйелеген фольклорлық мұралар мен халық ақындарының туындыларына шолу жасады.

«Ақын өзінің жазған-сызғандарын сұрыптап отырған. 1920 – 1932 жылдары жазылған өлеңдерін саралап, тақырыптары бойынша, «Тәуірі», «Нашары» деп екі бағанға топтастырған. Ол «1924 жылдың басындағы кітаптарым» деп қазақ және орыс жазушыларының шығармасымен қатар, кейбір сөздіктер де қамтылған 26 кітаптың тізімін жазып қалдырған. Бұдан біз ақынның өз кезеңінде баспа бетінде жарық көрген дүниелердің барлығын көзден таса қылмағанын көреміз. Баспасөз материалдарымен қатар, жаңа кітаптарды да қарап, олармен танысқанын білеміз. Ілиястың ел аузынан жазып алған тапқырлық, шешендік сөздерімен, қағытпа, әзіл-қалжыңдары бір төбе. Халықтық толғау, терме, қара өлеңдері де жетерлік. Ілиястың ел аузынан жинап жариялаған мәтіндерінің бір парасы: «Жалайыр Қабан ақынның ұрылармен қақтығысуы», «Тезек төре мен Бүйембай ақын», «Тезек төре мен Бақтыбай ақын», «Құлмамбет пен Түбек ақын» айтыстары да жазып алынып, сақталған, – деп ақын халық мұраларын жинап қана қоймай, кейбір үлгілері туралы зерттеу мақала да жазғандығына да тоқталды. Насихат Набиолла Ілекеннің «Ән, әншілер жайында» және «Қазақ күйлері жиналсын» деген мақаласына тқталды. Ақын осы салада ерекше еңбек еткен Александр Затаевичтің еңбегін айрықша бағалағандығына мысал келтірді. «Оны жыл құсы деп атап, осындай өнер қайраткерлерін ұтымды пайдаланып қалуымыз керек. Сондай-ақ зерттеушінің Қарқаралы жақтан жазып алған халық күйлерінің бірнешеуінің атын атайды.



Затаевичтің ел аузынан жинап бастырған мың әнімен қатар күйлерін де санамалап көрсетеді. Бірақ ақын оның жинап, жариялап жүргені тек үлкен қазынадан «өңгені» ғана деп, ел арасында жиналмай қаншама мұраларымыздың жатқанын, оны тездетіп жинамаса айрылып қалатынымызды ашық айтады. Мақаланың басында «елде не көп, ән көп, әдебиет көп, күй көп. Бірақ біз ел әдебиетінің, ел өнерінің бәрін де жинап, жеткізе алмай жатырмыз. Ел өнері – бізде әлі де ақтарусыз жатқан дүние»,– дейді.

Ақын заманның өзгеруіне, елдің жұмыс бастылығына байланысты халық мұрасының да ескерусіз қалып бара жатқанына күйініш білдіреді. Сондай-ақ күйші карттардың азайып бара жатқанын, көп күйлердің олармен бірге келмеске кетіп бара жатқанын тілге тиек етеді. «Біздің елде ертеректе Тойтан деген бір шал қырық күй тартады екен. Ол күйлердің біреуін де бұл күнде ешкім білмейді. Тек күй аттарын ғана айтып аңыз қылысады. Сөйтіп Тойтан өлімі қырық күйді ала кетіп отыр. Жалғыз Тойтан емес, домбырашылар, күйшілер күйімен бірге зым-зия жоғалып жатыр. Елде жастан домбырашы шығу, жаңадан күй шығу өте сирек», – дейді. Газет беттерінде күй аты, оның мазмұны, күйшілер туралы жазылу керек деп атап өтеді. Сондай-ақ өзінің ел аузынан жинаған қырыққа тарта күйінің, Манарбек Ержанов білетін отыз күйдің атын атап көрсетеді. Газет беті тарлық ететіндіктен тек аттарын ғана атап отырғанын еске салады. Ақын өзі жинаған күйлерінің географиясын да айта кетеді. Бұл күйлердің Балқаштың екі мүйісінде отырған тобықты мен матайлардың арасында ғана тараған күйлер екенін жазады. Сөз арасында өзі мен Манарбектің жиған күйлерінің арасында аты ұқсас күйлер болғанымен олардың тарту мәнерінде өзгешеліктердің де бар екенін атап көрсетеді. Бұдан басқа жалпы қазақтың күйі де қазірге дейін атаусыз, ақтарусыз жатқан қазына екенін еске салады.

Конференцияда Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті филология ғылымдарының докторы, профессор, «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі Мұратбек Иманғазинов « Ілияс – қара сөз шебері» атты баяндама жасады. «Қай ақын-жазушы болмасын шығармасының айшықты, көркем, сонымен қатар шындыққа жанасатындай реалды түрде шығуы үшін оған негіз боларлықтай түйін, идея, сюжет іздейтіні белгілі. Ілияс еңбектері «Оқшау сөз», «Шашауша», «Әзіл-оспақ» рубрикаларымен жарыққа шықса, өлеңдері мен әңгіме-повестерін, көбінесе, Матай, Құйқалық, Балгер, Таңқыбай, Жа-жа, Сақа, Ағын, Салпаңқұлақ сияқты бүркеншек аттарымен шығаратын. Сонымен қатар Ілияс Жансүгіров шығармаларына тақырыбы мен мазмұнына сәйкес орынды да ұтқыр тақырып таба білу шеберлігі ерекше екендігін атап өту қажет. Әр өлең, повесть-әңгімеге жақсы тақырып қою да шеберлікті қажет етеді. Ол оқырманды туындыға тарту үшін де, сонымен бірге, тақырып атының қысқа, қарапайым, образды, күлкілі, идеясына лайықты, астарлы болуы ғана оқушыны қызықтырады. Бұл жағынан келгенде Ілияс алдына жан салмайтын шебер екендігі белгілі,–деді зерттеуші Ілиястың қара сөздің шебері екендігіне тоқталып.





Бұл күнгі жиында Молықбай Байсақұлының ғасырға жуық уақыт музейде қолданылмай тұрған қобызын қобызшы Әлқуат Қазақбайұлы сөйлетіп, Қорқыттың «Қоңыр» күйін орындады. Конференцияда ақынның қырлары ашыла түсті. Ғалымдар жазушылар мен журналистер үшін тың тақырыптардың бетін ашып берді.

**Гүлжан ТҰРСЫН.**

## *ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЙТАЛАУ КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА*

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде,

«Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді(конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланғанан соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде, ***2024 жылдың 27 мамырдан 14 маусымға дейін қабылданады.*** Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, Ақсу ауданының ауылшаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінім дерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 14 маусым 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер ***2024 жылдың 17 маусым 10 сағат 00 минутта*** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

***Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:***

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және ***" 2024 жылғы "17" маусымға дейін ашуға болмайды"*** (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

**АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.**

| № | Орналасқан жері | Алаңы, га. | Алқап құрамы | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Балл бонитеті | Су көздерімен қамтасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ойтоған ауылдық округі | 231,4 | жайылым | Ашық сұр топырақты 10-30% шалғынды сұр топырақтар және шалғынды сұр топырақты аздап сортаң топырақты 10-30% құмды саздақ. | 6,2 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 2 | Ойтоған ауылдық округі | 333,4 | жайылым | Сероземдер – жеңіл құмды сазды, жайылма-шалғынды сортаңды жоғары сортаң құмды, құмдары 10-30% жоталы төбелі құмдар. | 6,5 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 3 | Ойтоған ауылдық округі | 212,6 | жайылым | Шалғынды сұр топырағы аздап сортаңданған шалғынды сұр топырақты сортаң 10-30% және сортаң 10%-ға дейін құмды сазды. | 3,3 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 4 | Ойтоған ауылдық округі | 381,4<br>41,8 | Жайылым<br>Суармалы егістік | Шалғынды-сероземді аздап тұзды шалғынды сұр жермен тұзды батпақтар 10-30% тұзды батпақтар 10 % құмды саздақ | 6,1 | Қажет емес<br>Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 5 | Ойтоған ауылдық округі | 400,0 | жайылым | Боз топырақтар шалғынды сұр топырақты, әлсіз сортаңды 10-30% және күн әлсіз сортаңды 10% дейін және құмды және жоталы жартылай бекітілген құмдармен 10-30% | 4,5 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 6 | Ойтоған ауылдық округі | 46,06 | жайылым | Сұр сұр топырақтар шалғынды сұр топырақты, әлсіз сортаңды 10-30% және күн әлсіз сортаңды, 10% дейін құмды сазды және 10-30% жоталы құмды. | 2,6 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 7 | Ойтоған ауылдық округі | 6,5 | Шабындық | Шалғынды сұр топырақ 10-30% аздап сортаң, сортаң 10-30% ауыр саздақ. | 15,1 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 8 | Ойтоған ауылдық округі | 10,0<br>9,59 | Шабындық<br>Жайылым | Жартылай бекітілген жоталы дөңес құмдары бар ашық сұр құмды саз 30-50% | 11,1 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 9 | Ойтоған ауылдық округі | 9,24 | Шабындық | Шалғынды сұр топырақ 10-30% аздап сортаң, сортаң 10-30% ауыр саздақ. | 19,5 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 10 | Ойтоған ауылдық округі | 6,6 | Шабындық | Шалғынды сұр топырақ 10-30% аздап сортаң, сортаң 10-30% ауыр саздақ. | 15,2 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 11 | Ойтоған ауылдық округі | 5,5 | Шабындық | Серозем-шалғынды орташа сазды | 20,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 12 | Ойтоған ауылдық округі | 7,5 | Шабындық | Шалғынды сұр топырақ 10-30% аздап сортаң, сортаң 10-30% ауыр саздақ. | 18,1 | | Мамандандырылған |
| 13 | Ойтоған ауылдық округі | 6,49<br>8,45 | Суармалы егістік<br>жайылым | Шалғынды-сұр топырақты сероземді жеңіл құмды сазды, әлсіз сортаң құмды сазды топырақты 10-30% сортаңды әлсіз сортаң құмды сазды 10%-ға дейін және жоталы-дөңес жартылай бекітілген құмды 10-30%. | 7,0 | Қажет емес<br>Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |

## *ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА*

Аксуский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа №518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Ақсу өңірі» и интернет-ресурсе Акимата Аксуского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 27 мая по 14 июня 2024 года. по адресу: (Жетисуская область, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан, 5,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Аксуского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается: ***14 июня 2024 года, в 18 часов 30 минут.***

***Вскрытия конвертов*** с конкурсной документацией будет проведена ***17 июня 2024 года в 10 часов 00 минут*** (Жетісуская область, Аксуский район, село Жансугуров, улица Желтоксан 5,) в кабинете заместителя Акима района.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

***Конкурсное предложение должно содержать:***

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и ***"Не вскрывать до: "17" июня 2024 года"*** (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните 8 (72832) 2-21-26 (районное управление земельных отношений).

**ОТДЕЛ СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА И ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКСУСКОГО РАЙОНА.**

| № | Местоположение | Площадь, га. | Состав угодий | Качественная характеристика почв | Балл бонитет | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная спелиализация региона |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ойтоганский сельский округ | 231,4 | Пастбища | Лугово-сероземные почвы с серозёмами светлыми 10-30 % и с лугово-сероземными слабосолонцеватыми почвами 10-30% супесчаные | 6,2 | Не требуется | Специализированный |
| 2 | Ойтоганский сельский округ | 333,4 | Пастбища | Сероземы светлые супесчаные, | 6,5 | Не требуется | Специализированный |
| 3 | Ойтоганский сельский округ | 212,6 | Пастбища | Лугово-сероземные слабосолончаковые с лугово-сероземными солончаковыми 10-30% и солончаками до 10% супесчаные | 3,3 | Не требуется | Специализированный |
| 4 | Ойтоганский сельский округ | 381,4<br>41,8 | Пастбища<br>Орошаемое пашня | Лугово-сероземные слабосолончаковые с лугово-сероземными солончаковыми 10-30% и солончаками до 10% супесчаные | 6,1 | Не требуется<br>Обеспечен водой | Специализированный |
| 5 | Ойтоганский сельский округ | 400,0 | Пастбища | Сероземы светлые с лугово-сероземными слабосолонцеватыми 10-30% и солнцами слабосолнчаковыми до 10% и песчаными и с песками грядово-бугристыми полузакрепленными 10-30% | 4,5 | Не требуется | Специализированный |
| 6 | Ойтоганский сельский округ | 46,06 | Пастбища | Сероземы светлые с лугово-сероземными слабосолонцеватыми 10-30% и солнцами слабосолнчаковыми супесчаные до 10% и песками грядово-бугристыми 10-30% | 2,6 | Не требуется | Специализированный |
| 7 | Ойтоганский сельский округ | 6,5 | Сенокос | Лугово-сероземные с лугово-сероземными слабосолончаковыми 10-30% и с солончаками 10-30% тяжелосуглинистые | 15,1 | Не требуется | Специализированный |
| 8 | Ойтоганский сельский округ | 10,0<br>9,59 | Сенокос<br>пастбища | Серозымы светлые супесчаные с песками грядово-бугристыми полузакрепленными 30-50% | 11,1 | Не требуется | Специализированный |
| 9 | Ойтоганский сельский округ | 9,24 | Сенокос | Лугово-сероземные с лугово-сероземными слабосолончаковыми 10-30% и с солончаками 10-30% тяжелосуглинистые | 19,5 | Не требуется | Специализированный |
| 10 | Ойтоганский сельский округ | 6,6 | Сенокос | Лугово-сероземные с лугово-сероземными слабосолончаковыми 10-30% и с солончаками 10-30% тяжелосуглинистые | 15,2 | Не требуется | Специализированный |
| 11 | Ойтоганский сельский округ | 5,5 | Сенокос | Сероземно-луговые среднесуглинистые | 20,0 | Не требуется | Специализированный |
| 12 | Ойтоганский сельский округ | 7,5 | Сенокос | Лугово-сероземные с лугово-сероземными слабосолончаковыми 10-30% и с солончаками 10-30% тяжелосуглинистые | 18,1 | Не требуется | Специализированный |
| 13 | Ойтоганский сельский округ | 6,49<br>8,45 | Орошаемое пашня<br>пастбища | Серозёмы светлые супесчаные с лугово-серозёмными слабосолонцеватыми супесчаными почвами 10-30% с солонцами слабосолончаковыми супесчаными до 10% и с песками грядово-бугристыми полузакреплёнными 10-30% | 7,0<br>7,0 | Обеспечен водой<br>Не требуется | Специализированный |

| № | Орналасқан жері | Алаңы, га. | Алқап құрамы | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Балл бонитеті | Су көздерімен қамтасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Ойтоған ауылдық округі | 4,97 | Суармалы егістік | Шалғынды-сероземді солтүстік кәдімгі шалғынды-сероземді кәдімгі солтүстік аздап тұзды 10-30%, ашық сазды. | 41,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 15 | Ойтоған ауылдық округі | 8,65 | Суармалы егістік | Шалғынды-сероземді кәдімгі солтүстік кәдімгі шалғынды-сероземді кәдімгі солтүстік аздап тұзды 10-30%, жеңіл сазды. | 46,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 16 | Ойтоған ауылдық округі | 5,8 | Суармалы егістік | Шалғынды сероземді кәдімгі солтүстік кәдімгі шалғынды-сероземді кәдімгі солтүстік аздап тұзды 10-30%, жеңіл сазды. | 41,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 17 | Ойтоған ауылдық округі | 2,72 | Суармалы егістік | Кәдімгі шалғынды серозема-лар кәдімгі орташа сазды | 68,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 18 | Ойтоған ауылдық округі | 4,3 | Суармалы егістік | Шалғынды сұр топырақты, жеңіл, ауыр сазды | 62,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 19 | Ойтоған ауылдық округі | 8,0 | Суармалы егістік | Шалғынды сұр топырағы кәдімгі, орташа сазды | 68,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 20 | Ойтоған ауылдық округі | 6,0 | Суармалы егістік | Шалғынды сұр топырақ кәдімгі солтүстік шалғынды сұр топырағы кәдімгі солтүстік аздап сортаң 10-30% ашық сазды | 41,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 21 | Ойтоған ауылдық округі | 4,5 | Суармалы егістік | Шалғынды сұр топырақты, жеңіл, ауыр сазды Шалғынды сұр топырақ кәдімгі солтүстік шалғынды сұр топырағы кәдімгі солтүстік аздап сортаң 10-30% ашық сазды | 62,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 22 | Ойтоған ауылдық округі | 7,0 | Суармалы егістік | Шалғынды сұр топырақ кәдімгі солтүстік шалғынды сұр топырағы кәдімгі солтүстік аздап сортаң 10-30% ашық сазды ашық сазды | 41,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 23 | Ойтоған ауылдық округі | 7,0 | Суармалы егістік | Шалғынды сұр топырақ кәдімгі солтүстік шалғынды сұр топырағы кәдімгі солтүстік аздап сортаң 10-30% ашық сазды ашық сазды | 41,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 24 | Ойтоған ауылдық округі | 7,4 | Суармалы егістік | Шалғынды сұр топырақ ашық солтүстік кәдімгі орташа сазды | 54,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 25 | Ойтоған ауылдық округі | 10,0 | Суармалы егістік | Шалғынды серозем жеңіл кәдімгі суармалы ауыр саздак | 62,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |

| № | Местоположение | Площадь, га. | Состав угодий | Качественная характеристика почв | Балл бонитет | Водообспеченность | Сельскохозяйственная спелиализация региона |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 14 | Ойтоганский сельский округ | 4,97 | Орошаемое пашня | Лугово-сероземные северные обычные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30%, легкосуглинистые | 41,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 15 | Ойтоганский сельский округ | 8,65 | Орошаемое пашня | Лугово-сероземные обыкновенные северные обычные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30%, легкосуглинистые | 46,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 16 | Ойтоганский сельский округ | 5,8 | Орошаемое пашня | Лугово-сероземные обыкновенные северные обычные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30%, легкосуглинистые | 41,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 17 | Ойтоганский сельский округ | 2,72 | Орошаемое пашня | Луговые серозёмов обыкновенных обычные среднесуглинистые | 68,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 18 | Ойтоганский сельский округ | 4,3 | Орошаемое пашня | Лугово сероземов светлых тяжелосуглинистые | 62,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 19 | Ойтоганский сельский округ | 8,0 | Орошаемое пашня | Лугово сероземов обыкновенных среднесуглинистые | 68,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 20 | Ойтоганский сельский округ | 6,0 | Орошаемое пашня | Лугово-сероземные обыкновенные северные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30% легкосуглинистые | 41,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 21 | Ойтоганский сельский округ | 4,5 | Орошаемое пашня | Лугово сероземов светлых тяжелосуглинистые Лугово-сероземные обыкновенные северные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30% легкосуглинистые | 62,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 22 | Ойтоганский сельский округ | 7,0 | Орошаемое пашня | Лугово-сероземные обыкновенные северные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30% легкосуглинистые | 41,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 23 | Ойтоганский сельский округ | 7,0 | Орошаемое пашня | Лугово-сероземные обыкновенные северные с лугово-сероземными обыкновенными северными слабосолончаковыми 10-30% легкосуглинистые | 41,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 24 | Ойтоганский сельский округ | 7,4 | Орошаемое пашня | Лугово-сероземные светлые северные обычные среднесуглинистые | 54,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 25 | Ойтоганский сельский округ | 10,0 | Орошаемое пашня | Луговые сероземом светлых обычные орошаемые тяжелосуглинистые | 62,0 | Обеспечен водой | Специализированный |

***ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР КОДЕКСІНІҢ 43-1 БАБЫНЫҢ 2 ТАРМАҒЫНА СӘЙКЕС, «ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ» КОНКУРСҚА ШЫҒАРЫЛАТЫН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ІШІНЕН №7 ЛОТ 6,5 ГЕКТАР ШАБЫНДЫҚ, №10 ЛОТ 6,6 ГЕКТАР ШАБЫНДЫҚ, №11 ЛОТ 5,5 ГЕКТАР ШАБЫНДЫҚ ЖЕРЛЕР АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН.***

**МАМАН КЕҢЕСТЕРІ**

# ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ (улы химикаттардың) ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



Пестицидтерді қолдану тіркеу куәлігі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

Пестицидтармен істелетін барлық жұмыстар тігілген және нөмірленген журналда тіркеледі,оларда міндетті түрде мынандай мәліметтер көрсетіледі:

- Пестицидтердің атауы; Әсер етуші заттың атауы және қабылданған пестицидтер жіктемесіне сәйкес пестицидтің қауіптілігі;
- Организмнің атауы;
- Жұмсау нормасы;
- Ертіндінің көлемі;
- Ертіндінің дайындалған күні;
- Өңдеу түрі (жер үсті, авияциялық, аэрозольдік);
- Орны мен алаңы;
- Өңделген күні;
- Өңделген дақылдың түрі.

Пестицидтармен жұмыс істелетін орындар пестицидтерді қолдану жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы көрнекі құралдармен, нұсқауларымен, жадынамаларымен қамтамасыз етіледі, 3-4 км. аумағында ара омартасы және мал болмау тиіс.

Пестицидтерді қолдану пайдалану регламентеріне (жұмыс нормасы, өңдеу тәсілі мен еселігі, шектеулер, күту мерзімдері, ұсынылған жеке қорғаныс құралдарынан қолдану) сәйкес жүзеге асырылады. Қолдану барысында регламентті мейлінше сақтап, арнайы киім, респиратор киіп, қауіпсіздік техникасы сақтаулауы тиіс. Пестицидтармен жұмыс істейтін жұмысшы медициналық тексеруден өтіледі. Пестицидтармен жұмыс істеген кезде жұмыс орындарында темекі шегуге, ашық отты пайдалануға,тамақ ішуге жол берілмейді.

Өсімдіктерді пестицидтармен тозаңдатуды және бүріктіруді ерте және кешкі желдің жылдамдығы жерүсті аппаратурасын қолданған кезде 3 м/с және авияцияны қолданған кезде 2 м/с аспағанда жүргізуге рұқсат етіледі.

Жалпы өсімдік қорғау препараттарын күн ыстықта, желді-жаңбырлы ауарайында қолдануға қатаң түрде тыйым салынады. Себебі, күн ыстықта жер бетінен жылы ауа жоғары көтерілетіні белгілі, өте ұсақ тамшымен шашылған пестицидтің әсерлі заттары буланып, жоғары қозғалған ауа ағысымен көкке ұшып кетеді. Желтең күні шашылған дәрі желмен мүлде басқа жаққа ұшып, адамдарды, малды улап, зиянын тигізеді. Жаңбырлы күні шашылған пестицидтерді жаңбыр шайып кететіндігі айтпаса да түсінікті. Пестицидтерден босаған ыдыстарды тұрмыста қолдануға мүлде болмайды. Жеке және заңды тұлға жоғарыдағы көрсетілген қауіпсіздік ережелерін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіппен жазаға тартылады. Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер ғана қолдануға жатады.

**Е.УМУРЗАКОВ,**
**аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау және карантин инспекторы.**

# Европалық иммундау апталығы – 2024 жыл

21 – 27 сәуір аралығында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бастамасы бойынша Еуропа аймағында, соның ішінде Қазақстан Республикасында «Вакциналар: өткен, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін денсаулықты қорғау» ұранымен Еуропалық иммундау апталығы өткізіледі.

Еуропалық иммундау апталығының мақсаты - иммундау арқылы барлық жастағы адамдарды сырқаттанушылықтардан қорғау болып табылады. Еуропалық иммундау апталығының негізгі міндеті – арнайы алдын – алу шаралары арқылы әрбір адамның сырқаттанушылықтан қорғануға қажеттілігі және оған құқығы бары туралы түсінігін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасында тұрғындар арасында эпидемиологиялық салауаттылықтың тұрақтылығы тиімді және қауіпсіз вакцинаны үзбей қолданудың көмегімен сақталуда, сондай – ақ, ұзақ жылдар бойы эпидемияның және ауыр түрдегі сырқаттанушылықтардың да алдын алуда.

Жұқпалы аурулар қысқа уақытта көптеген дені сау адамдардың ағзасына ену қабілеттілігімен бұрынғы жүз жылдықта қауіпті болған, бүгінгі күні де аса қауіпті болып қалуда. Вакцинаның артықшылығы адамда сырқаттанушылыққа бөгет жасайтын тұрақты белсенді жасанды иммунитетті қалыптастырады. Иммундауды тоқтатқан кезде немесе тұрғындарды жеткіліксіз деңгейде екпемен қамтығанда қауіпті жұқпалы аурулар қайта оралып, эпидемия жағдайының туындауы мүмкін.

Осыған орай иммунопрфилактика саласындағы мемлекеттік саясат ең басты алдын алуға бағытталған, ал сырттан жұқпалы ауру енгізілгенде басты мақсат жұқпаның таралуына жол бермеуге және жұқпаны жоюға бағытталады. Вакцинацияның тиімділігі екпені уақытылы және толық алуға тікелей байланысты. Иммундау көрсеткішінің төмендеуі жұқпалы ауруларды қабылдағыш адамдардың көбеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін, соның нәтижесінде сырқаттанушылықтың бұрқ етпе жағдайлары туындайды. Әртүрлі елдерде вакцинациядан жаппай бас тартудың нәтижесі эпидемияға әкеліп соқтырды. Сондықтан біз өздері мен балалары үшін ешбір себепсіз екпеден бас тартқан тұрғындардың ойлануына назар саламыз. Дамыған әлемде балаларды иммундау, қауіпті жұқпалы аурулардан қорғау үшін қомақты қаржы бекер бөлінбейді!

Екпелер – бұл жұқпалы аурулардан сақтанудың жалғыз сенімді жолы. Сіздердің де балаларыңыздың қорғалуға құқығы мен мүмкіндігі бар!

Иммундау апталығы шеңберінде егілусіз қалып жатқан басқа республикалардан, аймақтардан келген, тіркеусіз (оның ішінде саяжайларда), заңсыз тұрақтаған халық топтарын, діни сенімге байланысты екпеден бас тартқан тұрғындарды анықтап жұқпалы сырқаттанушылыққа қарсы жоспарлы иммундауға медициналық ұйымдарға есепке алу шаралары ұйымдастырылады.

Аудандық медициналық ұйымда иммундау мәселелері бойынша халықтың өтініштеріне арналған «қызу байланыс телефондары» қызмет көрсетеді.

Иммундау апталығы туралы туындаған барлық сұрақтар бойынша Сіздер тұрғылықты жерлеріңізде орналасқан емханаға, егу пункттеріне, жергілікті аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасына байланыс телефондары арқылы хабарласа аласыздар. Ақсу аудандық аурухана педиатрі Бейсенбі Үгітбекұлы 872832-2-18-32, терапевт Абибулаева Арайлым Байысқызы 2-15-89.

**Б.ТЕМІРХАНОВ,**
**аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқарма басшысы.**

# Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарының кадрлық ахуалы

Елге қызмет ету, билік тізгінін ұстап көптің көңілін табу оңай жол емес. Елімізде жүргізіліп жатқан саясаттың өңірлерде сәтті жүзеге асырылуына жауапты міндеттерде қызмет атқарып жүрген Жетісу өңірінің мемлекеттік қызметшілерінің кадрлық ахуалы қандай? Осы жайлы кеңірек сөз қозғайық.

Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарында 2024 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша мемлекеттік қызметшілердің штат саны 1905 бірлікті құрайды, саяси қызметшілер саны – 15, «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері - 1890. Оның ішінде облыс бойынша мәслихат аппараттарындағы мемлекеттік қызметшілердің штат саны – 56, облыстық тексеру комиссиясының мемлекеттік қызметшілерінің штат саны - 29. Мемлекеттік қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі – 52,3%, ал басшылық лауазымдарда 137 әйел азамат еңбек етеді немесе басшылық лауазымдағылардың 26,2%-н құрайды. Мемлекеттік қызметшілердің орта жасы 40 жас.

Мемлекеттік міндеттерді іске асыру үшін қажетті сандық құрамнан басқа, адами капиталдың сапасы маңызды мәнге ие. Білім деңгейі бойынша мемлекеттік қызметшілерде бірнеше жыл бойы тұрақты көрсеткіш байқалуда. Бүгінде өңірде жоғары білімді мемлекеттік қызметшілер үлесі 92% құрайды. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының түлектерінің саны – 2, Болашақ бағдарламасы бойынша білім алған мемлекеттік қызметшілер саны – 1, ғылыми дәрежесі бар мемлекеттік қызметшілер – 1.

Соңғы бірнеше жылда мемлекеттік аппараттың кадрлық құрамының тұрақтылығы да байқалады. 2024 жылдың I тоқсанында мемлекеттік қызметтен мүлде кеткендер немесе басқа салаға ауысқандар саны небәрі 18 адам немесе 0,9% құрады.

Кадрларды сақтап қалу шарттарының бірі – қызметкерлерді үздіксіз кәсібилендіру. Осы мақсатта да үздіксіз үрдіс қалыптастырылып, 2024 жылдың өткен кезеңінде 35 мемлекеттік қызметші тағылымдамадан өткен. Ал мемлекеттік қызметке алғаш келген 33 мемлекеттік қызметшінің бейімделіп, кәсібиленуіне оларға бекітілген 33 тәлімгер өз үлестерін қосуда.

Қызметшілерді кәсібилендірудің тағы бір ажырамас бөлігі - даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесі болып табылады. Сол себепті де мемлекеттік қызметшілердің 30 пайызы жыл сайын біліктілігін арттыру курстары мен семинарларынан өтіп тұрады. Биылғы жылы 462 мемлекеттік қызметші біліктілігін арттырса, 128 мемлекеттік қызметші қайта даярлаудан өтеді деп жоспарлануда.

Бүгінгі күні мемлекеттік басқару жүйесі меритократия қағидатына негізделгені белгілі. Мемлекеттік органдарда лауазымы бойынша өсу үшін барлық жағдайлар жасалды. Бір ғана қойылатын талап: мемлекеттік қызметшінің құзыреттілігі мен кәсіби дайындығының болуы. Осы талаптарға лайықты болған 24 мемлекеттік қызметші 2024 жылдың I тоқсанында қызметінде ілгерілеген. Бұл жалпы мемлекеттік органның ішінде тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің 85,7 пайызын құрайды.

Бүгінгі күні өңірдегі мемлекеттік қызмет саласында қызмет атқарып жатқан мемлекеттік қызметшілердің сапалық құрамы осындай болды, елге қызмет етудегі жұмыстарына сәттілік тілейік.

**А.ДОСЫБАЕВА,**
**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.**

● ***ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 130 ЖЫЛ!***

# Ақын ата, асыл ата, батыр ата



Жетелеп алға қарай алтын үміт,
Солақай саясатқа қарсы жүзіп.
"Халық жауы" атанды сол кездерде,
Ақын атам Ілияс Жансүгіров.
Сойыл қылып сөздерін, қамшы қылып,
Дауыл тұрып, сөзінен салқын ұрып.
"Халық жауы" атанды сол кездерде
Асыл атам Ілияс Жансүгіров.
Бодандықтың күрмеуін тартып үзіп,
Тасқын болып маңдай тер, тамшы жырып.
Тәуелсіз ел атандық міне бүгін -
Ақтап алды ерлігін халқы біліп.
Жетелеп алға қарай алтын үміт,
Солақай саясатқа қарсы жүзіп.
Қазақтың айналдыңыз арысына,
Батыр ата Ілияс Жансүгіров.

**Кенжегүл РАЗБАЕВА,**
**"Қаракемер орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы.**

# Алғашқы ұстаз ақылы – мәңгі жүректе

«Ақырын жүріп,анық бас
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға»,-деп Ұлы Абай айтқандай, ұстаз болу – қажырлық пен қайратты қажет ететін ерекше сала. Бар білгеніңді үйретіп, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге баулитын ұлы есім – Ұстаз! Әсіресе, әрбір жас жеткіншек үшін мектеп табалдырығын аттаған сәтінен бастап, оң мен солды тануда бағыт - бағдар беретін – «Алғашқы ұстаз». Балауса балғын шақты артта қалдырып, тұлғалық қасиеттерді жетілдіруде, болашағыңның алтын қабырға кірпішін қалауда ұстаздың сіңірер еңбегі мол.

Мен үшін де, сыныпқа кірген сәтімнен бастап, құшақ жая қарсы алған, жүзінен жылы мейірім шуағы төгіліп тұратын аяулы жан, алғашқы ұстазым - «Е.Сиқымов атындағы орта мектеп, мектеп жанындағы интернатымен» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі Мұхамадиева Марал апайым. Ол кісінің әрбір айтқан ақылы мәңгі жадымда! Тек қана әріп танытып, оқу, жазуды үйретіп қана қоймай, адам өміріндегі басты қасиеттерді де біздің тұла бойымызға сіңіре



білді. Соның ішінде Ұлы Абай айтқан: «толық адам ілімін», адамгершілік, мейірімділік, жаңа затты үйренуге деген құштарлық қасиеттері қай заманда болмасын алдыңғы қатардан орын иелену керектігін үйретіп қана қоймай, дұрыс жолға баулыды.

Қазір 11-сынып түлегімін, жақын арада алтын ұя мектебімнен қоштасып, үлкен өмірге аяқ басамын. Қаншама жылдың сарпылған өктемі өтсе де, Марал апайымның: «Қайда жүрсеңдер де аман болыңдар. Мықты маман иесі атанып, Отанына септігін тигізер азамат болып, ең бастысы адами қасиеттеріңді жоғалтпаңдар...»,-деген сөзі әлі есімде. Бүгінге дейін Марал апайым өз саласы бойынша көптеген жас шәкірттерді тәрбиелеп, олардың «үздік» атануы үшін бар күш - жігерін салуда. Марал апайымның бұл іс-әрекетіне қарап, мамандыққа деген махаббат сірә осы болар деймін. Себебі, бұл - ұстаздық жолда адалдық, мейірімділік, құштарлық, ізденімпаздық және ең бастысы – «шексіз махаббат» қамтылған.

Болашақта, расыменде, ел үмітін ақтар Отанымыздың кең қанат жайған қыраны болуда алғашқы ұстазымның дәл осы айтқан ақыл-кеңесі өмірлік азық қана боп қоймай, мәңгілік руханиятымызды қалыптастыруда өз септігін тигізері анық. Алғашқы ұстаздың ақылы - мәңгілік адам санасынан өшпес, сарқылмайтын байлық деп нық сеніммен айта аламын...

Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға!

**Маржан АСЫЛБАЙҚЫЗЫ,**
**Е.Сиқымов атындағы мектеп интернатының 11 - сынып оқушысы.**

● ***МАМАН КЕҢЕСІ***

# ТУБЕРКУЛЕЗ – әлеуметтік дерт

***Туберкулез*** – әлемде ең көп тараған жұқпалы аурулардың бірі, ол тегіне де, жасына да қарамай көптеген адамдарды зақымдауда. Жыл сайын әлемде 8 - 10 миллион адам туберкулезбен ауырып, оның 3 миллионы туберкулезден көз жұмады. Аурудың негізгі таратушы көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас. Бұл ауруды қабылдауға балалар, жас - өспірімдер, жүкті әйелдер және ішімдік ішетін, шылым шегетін адамдар бейім болады. Егер әрбір адам туберкулез туралы жетік білсе және бұл тұрғыда өзінің білімін күнделікті өмірде қолданса, аталмыш дерттің өршуіне және таралуына тосқауыл қоюға болады.

***Туберкулез қандай ауру?***

Туберкулез – адам ағзасына туберкулез таяқшаларының енуінен пайда болатын инфекциялы жұқпалы ауру. Туберкулезге тыныс ағзасы – өкпе жиі шалдығады. Сондай-ақ, сирек те болса туберкулезге ми, ми қабықшасы, сүйек, буын, лимфа бездері, бүйрек, жыныс ағзалары, көз, ішек және басқа да ағзалар мен мүшелер шалдығады.

Туберкулезбен ауырғандардың 75% (20 – 40 жас) аралығындағы еңбекке жарамды және балалы болатын жастағылар. Бұл ауру – әлеуметтік дерт болып саналады, көбінесе тұрмыс жағдайы нашар, дұрыс тағамданбайтын, ішімдікке салынған адамдар жиі ауырады.

***Туберкулез қалай жұғады?***

Бүгінде туберкулезбен ауырғандардың 50% кешігіп анықталуда, ал олардың 10% ауруын өте асқындырып алғандар, арасында ауруы жазылмайтын түрге өтіп кеткендері де кездеседі. Туберкулез қоздырғыштары осындай науқас адамдар сөйлегенде, жөтелгенде, түшкіргенде және гигиена құралдары, ыдыс - аяғы арқылы беріледі. Егер науқас адам жерге не еденге түкірсе, ол кеуіп шаңға араласып ауа арқылы адамдарға жұғады. Сонымен бірге өкпе туберкулезіне шалдыққан науқас адам жөтелгенде туберкулез таяқшалары бөлінедіде аурудың айналасында 1,5 - 2 метр биіктікте 1,5 – 2 сағаттай қалқып тұрады, демек сау адамдар ауруды осылай ауа арқылы жұқтырады. Күннің көзі жоқ табиғи жағдайда, көше шаңында 2 аптаға дейін, кітап беттерінде 3 ай үй жағдайларында қақырықта 4 ай, сүт тағамдарында 1 - 1,5 жылға дейін өміршеңдігі сақталады. Тіке түскен күн сәулесі туберкулез таяқшаларын 5 минутта жояды. Туберкулез ауратын малдардан да жұғуы мүмкін.

***Туберкулез ауруының белгілері***

Туберкулез ауруы басталғанда мынандай белгілер біліннеді: жөтел, әлсіздік, дене қызуының көтерілуі, тәбеттің, салмақтың және жұмысқа деген қабілеттің төмендеуі. Туберкулездің осындай негізгі белгілеріне адамдардың көбісі көңіл бөліп, дәрігерге уақытысында қарала қоймайды немесе өз бетімен ем қабылдай бастайды. Онан ары бұл белгілердің барлығы үдеп күшейе түссе науқастың қан түкіруі мүмкін. Жөтел туберкулезге ең тән алғашқы белгілердің бірі. Егер жөтел 2 аптадан артыққа созылса міндетті түрде медициналық мекемеге барып, дәрігерге қаралып тексерілу керек. 15 жастан бастап барлық халық тексеруден өтуі міндетті. Туберкулезге қарсы тексерілу, емделу тегін.

***Туберкулездің алдын - алу шаралары***

- Бала туғаннан кейін міндетті түрде БЦЖ екпесін салынады және 6 - 7 жаста қайта егіледі.
- Үйде туберкулезбен ауырған адам анықталса, ол отбасындағы қарым - қатынаста болған адамдар тез арада тексерілуі керек, ошақтағы балаларды ыңғайы келсе балабақшаға, шипажайға оқшаулау қажет.

Науқасты үйдің күн түсетін бөлмесіне орналастырып, жеке ыдыс, орамал, көрпе - жастық беріп, жиі - жиі көрпе – жастықты күн көзіне жаю керек. Науқаспен бірге бір бөлмеде балалар, жасөспірімдер болмау керек.

**Майра МАДАЛИМОВА,**
**аудандық орталық ауруханасының фтизиатр дәрігері.**

**"АҚСУ ӨҢІРІ"**
**Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті"**
**Құрылтайшы, директор - бас редакторы**
***ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ***

*Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Куәлік №15701-Г*

***Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама берушi жауапты.***

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

**БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:**
**Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде**

**Тапсырыс 488**
**Осы шығарылымның таралымы 2502**

**Директор - бас редактор - 2-12-90,**
**жауапты хатшы - 2-12-90.**

**Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru**
**Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz**

**Индекс: 65750**
Офсеттік басылым көлемі 2б.т.

***Газет Сарқан қаласы, Тәуелсіздік, 108, ЖШС - "Ербол - Али" баспаханасында басылады.***